

**"Терроризмді және экстремизмді қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалар тізбесіне енгізілген жеке тұлғаның тыныс-тіршілігін қамтамасыз етуі үшін оған қаражат төлеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 613 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігі Төрағасының 2021 жылғы 31 мамырдағы № 1 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 2 маусымда № 22910 болып тіркелді

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Терроризмді және экстремизмді қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалар тізбесіне енгізілген жеке тұлғаның тыныс-тіршілігін қамтамасыз етуі үшін оған қаражат төлеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 613 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12823 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2016 жылғы 15 қаңтарда жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

Көрсетілген бұйрықпен бекітілген Терроризмді және экстремизмді қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалар тізбесіне енгізілген жеке тұлғаның тыныс-тіршілігін қамтамасыз етуі үшін оған қаражат төлеу қағидаларында:

1 тармақ келесідей редакцияда жазылсын:

"1. Терроризмді және экстремизмді қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалар тізбесіне енгізілген жеке тұлғаның тыныс-тіршілігін қамтамасыз ету үшін оған қаражат төлеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" 2009 жылғы 28 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңының 12-бабы 8-тармағының екінші бөлігіне сәйкес әзірленді (бұдан әрі – Заң) және қаржы мониторингі субъектілерінің (бұдан әрі – ҚМС) терроризмді және экстремизмді қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалар тізбесіне (бұдан әрі – Тізбе) енгізілген жеке тұлғаға өзінің және дербес кіріс көздері жоқ өз отбасы мүшелерінің тыныс-тіршілігін қамтамасыз етуі үшін қаражат төлеу тәртібін айқындайды.";

3 тармақ келесідей редакцияда жазылсын:

"3. Осы Қағидаларда мынадай терминдер мен ұғымдар пайдаланылады:

1) отбасы мүшелері – жұбайы (зайыбы), ерлі-зайыптылардың ортақ немесе біреуінің кәмелетке толмаған балалары (оның ішінде асырап алынған, асырауындағы немесе қорғаншылығындағы (қамқоршылығындағы), асырауындағы ата-аналары және жұбайының (зайыбының) ата-аналары;

2) тізбе – Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігі өзінің интернет-ресурсында жасайтын және орналастыратын терроризмді және экстремизмді қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалар тізімі.

Осы Қағидаларда пайдаланылатын өзге де анықтамалар мен терминдер Заңға сәйкес қолданылады.";

5 тармақтың екінші бөлімі келесідей редакцияда жазылсын:

"Уәкілетті орган осы Қағиданың 5 тармағының бірінші бөлігінде көзделген хабарламаны алғаннан кейін оны алған сәттен бастап 24 (жиырма төрт) сағат ішінде операция жүргізу не операцияны жүргізуден бас тарту туралы шешім қабылдайды және оны қазақ тілінде немесе орыс тілінде бөлінген байланыс арналары арқылы электрондық тәсілмен ҚМС-ке жеткізеді.";

қосымша осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігінің Қаржылық мониторинг департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігі төрағасының бірінші орынбасарына жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Қаржылық мониторинг агенттігінің төрағасы*

*Ж. Элиманов*

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Сыртқы істер министрлігі

Қазақстан Республикасы  
Қаржылық мониторинг  
агенттігі төрағасының  
2021 жылғы 31 мамырдағы  
№ 1 бұйрығына  
Қосымша

Терроризмді және экстремизмді  
қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен  
тұлғалар тізбесіне енгізілген жеке тұлғаға  
тыныс-тіршілігін қамтамасыз ету үшін оған  
қаражат төлеу қағидаларын бекіту туралы  
қосымша

Қазақстан Республикасы Қаржылық  
мониторинг агенттігінің төрағасына

---

азаматтан (азаматшадан)

---

(жеке сәйкестендіру нөмері)

---

тұратын мекенжайы

---

**Өтініш Ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операцияларды тоқтатып қою бойынша қолданылатын шаралардың ішінара немесе толық күшін жою туралы өтініш**

Сізден терроризмді және экстремизмді қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесіне енгізілген жеке тұлғаның өзінің және дербес табыс көздері жоқ оның отбасы мүшелерінің тыныс-тіршілігін қамтамасыз ету үшін осы Қағиданың 8 -тармағына сәйкес (бұдан әрі – Қағида) ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операцияларды тоқтатып қою бойынша қолданылатын шараларды ішінара/толық жоюды.

Ақшаны алу кезіндегі негізгі шығыстарды жабу үшін мақсаттар – (тамақ өнімдерін, тұрғын үйді немесе ипотекалық несиені, дәрі-дәрмектерді және медициналық емдеуді, салықтарды, сақтандыру жарналарын немесе коммуналдық қызметтерді төлеу немесе тек мамандарға арналған шығыстарды ақылға қонымды шекте төлеу және заң қызметтерін ұсынуға байланысты шеккен шығыстарды өтеу үшін) теңге мөлшерінде ( теңгеден) –

---

(сомасы цифрмен және жазумен)

Қағидаларға сәйкес құжаттардың қоса берілген көшірмелері:

- 1) \_\_\_\_\_
- 2) \_\_\_\_\_

(күні)

(қолы) \_\_\_\_\_